



"Заңды тұлғалардан алынатын салықты есептеу мен төлеудің тәртібі туралы" N 33 ~V950078 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Салық комитеті 1997 жылғы 29 желтоқсандағы N 1. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1998 жылғы 13 қаңтарда тіркелді. Тіркеу N 68. Күші жойылды - ҚР Мемлекеттік кіріс министрінің 2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығымен.

-----Бұйрықтан үзінді-----

Мемлекеттік кіріс министрінің  
2002 жылғы 9 сәуірдегі N 416 бұйрығы

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы"  
Қазақстан Республикасының

K010209\_

Кодексін (Салық Кодексін) қолданысқа  
енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 12 шілдедегі Заңына  
сәйкес

**БҰЙЫРАМЫН:**

Күшін жоғалтқан жекелеген бұйрықтарының тізбесі:

29. "Заңды тұлғалардан алынатын табыс салығын есептеу мен төлеудің  
тәртібі туралы" N 33 Нұсқаулыққа өзгерістер мен толықтыруларды бекіту  
туралы" Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің  
1997  
жылғы 29 желтоқсандағы N 1

V970068\_

бұйрығы.

-----

I тарауда:

1-тармақтың үшінші абзацы алып тасталсын;

2-тармақтағы "Мемлекеттік салық комитеті, қаржы министрлігімен келісілген" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын.

II тарауда:

4-тармақтың үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасында өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) өткізуден түсетін табыстың заңды тұлға-резиденттің оның бүкіл іс-әрекетінің жалпы табысына арасалмағы";

6-тармақта:

үшінші абзацтағы "ұзақ мерзімді" деген сөз алып тасталсын;

төртінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- сыйақылар (мүдделер) түріндегі табыс;

- акциялар бойынша, заңды тұлғаға қатысудан, сондай-ақ заңды тұлғаны жою кезінде мүлікті бөлуден, инфляция деңгейін ескере отырып жарғылық капиталға қатысушының (акционердің) мүлкінің жарналарын қоспағанда, а л ы н а т ы н д и в и д е н д т е р ;

- қайтарусыз алынған мүлік пен ақшалар; сатып алудан, жұмыстарға ақы төлеуден, рынок тәуелсіз кәсіпорындары арасын есеп айырысқан кезде қолданылатын бағалардан, тарифтерден, ставкалардан төмен бағалар, тарифтер мен ставкалар бойынша қызмет көрсетуден әріптес тараптар алатын табыстар;

жетінші абзацта "борыштар" деген сөз "талаптар" деген сөзбен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

7 - т а р м а қ т а :

екінші абзац алып тасталсын; төртінші абзацта "борыштың" деген сөздер тиісінше "-дан талаптар" және "талаптар" деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші, төртінші және бесінші абзацтар тиісінше екінші, үшінші және төртінші абзацтар деп саналсын;

8-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"жиынтық жылдық табыстан мыналар алып тастауға жатады:

- заңды тұлғалар алған және солардың кәсіпкерлік әрекетімен байланысты жағымды бағамдық айырмашылық;

- инфляцияға үйлестіруді есептей отырып ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сатқан кезде құн өсуінен түсетін табыс;

- заңды тұлғалардың зейнетақымен қамтамасыз ету туралы заңдарға сәйкес

алған және жеке зейнетақы шоттарына жолдаған инвестициялық табыстары;  
- эмитенттің бағалы қағаздар рыногына бастапқыда өз акцияларын орналастырған кезде акциялар құнының олардың кесімді құнынан артып кетуі;"

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Банктер мен басқа да ұйымдар беретін, алынған несиелер үшін сыйақылар Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы бойынша несиелер (заемдар) жөнінен аталған ставканың 50 процентіне теңгемен көбейтіліп, және Лондон банкаралық рыногының ставкасы бойынша, несиелер (заемдар) жөнінен 100 процент шетел валютасымен көбейтіліп есептелген сомалардың шамасында шегеруге жатқызылады.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің қайта қаржыландыру ставкасы мен Лондон банкаралық рыногының ставкасы несиені (заемды) алу сәтінде қолданылады. Шетелдік валютамен несиені (заем) алған кезде 21.07.97 ж. дейін Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкісінің ресми қайта қаржыландыру ставкасы , 21.07.97 ж. бастап Лондон банкаралық рыногының ставкасы қолданылады."

14 - т а р м а қ т а :

абзацтағы "өндірістік-техникалық өнімдер мен халық тұтынатын тауарлар шығару" деген сөздер "тауарлы өнім шығару" деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші абзацта бірінші сөйлемнен кейін мынадай мазмұндағы сөйлем е н г і з і л с і н :

"Техникалық жабдықтар жөніндегі бұл норма оларды топтың құндық балансына енгізген сәттен қолданылады.";

мынадай мазмұндағы үшінші және төртінші абзацтармен толықтырылсын:

"Егер салық төлеуші басқадан алынған, өндірісте кемінде үш жыл пайдаланылған техникалық жабдықты сататын болса, бұрын шегеруге жатқызылып келген, технологиялық жабдықтың пайдаланудан қалған құнының сомасы жиынтық жылдық табысты ұлғайтуға жатқызылады.

Егер меншікті құрылыс жөніндегі шығындар өндірістік мақсаттар үшін шегеруге қабылданса, құрылыс аяқталған кезде объектінің құны топтың құндық балансын ұлғайтуға жатқызылмайды.";

үшінші абзац бесінші абзац болып саналсын;

15-тармақ мынадай мазмұндағы абзацтармен толықтырылсын:

"Аталған топқа енетін негізгі құралдарды жөндеуге арналған шығындар жөнінен әрбір топ бойынша шегеруге жол беріледі.

Негізгі құралдарды ағымдағы жалдау кезінде арендатордың негізгі құралдары жөндеуге жұмсаған өндірістік шығындары арендатордан шегерілуге тиіс емес.";

17 - т а р м а қ т а :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"Өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудың нәтижесінде туындаған және

табыс түсе бастаған соң екі жыл ішінде қанағаттандырылмаған күмәнді талаптар шегеруге жатқызылады. Бұл тармақтың ережелерін салық салу мақсатында кемінде екі жыл кіріс беру әдісі бойынша табыстар мен шығыстарды анықтайтын заңды тұлғалар қолданады. ";

Тармақтың мәтініндегі "борыштардың", "борыштар" деген сөздер тиісінше " талаптардың", " талаптар" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақтың екінші абзацы мынадай сөйлеммен толықтырылсын:

"Аталған қордың қаржылары, кейіннен Жер қойнауын пайдаланушы кен орнын игерудің салдарын жою жөніндегі жұмыстарды орындауға пайдалануы үшін, Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілейтін тәртіппен және ережелермен арнаулы депозит шотына міндетті түрде енгізілуге тиіс.";

19-тармақтың төртінші абзацының бірінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын :

"Салық төлеу мақсатында 1995 жылдың 1 шілдесінен бастап салық төлеушілер кәсіпкерлік іс-әрекетінен табыс алу үшін өңделген және сатылған тауарлы-материалдық запастарын (01.07.95 ж. дейінгі кезенді қоса), оларды сатып алған мерзіміне қарамастан, жеткізе бағалауға құқығы бар. Тауарлы-материалдық запастарды инфляцияға үйлестіру оларды сатып алған сәттен өңдеу немесе өткізу сәтіне дейін, Салықтық жылдың нәтижелері бойынша жүргізілген ай сайынғы инфляция индексінің негізінде, жыл бойында сақталатын тауарлы-материалдық запастар жөніндегі мемлекеттік статистикаға басшылық жасайтын, мемлекеттік орган жариялаған жалпы мемлекеттік коэффициенттердің көмегімен, жыл сайынғы инфляция индексінің негізінде жүргізіледі.";

20-тармақтың екінші абзацында "бағалы қағаздар операциясы салығы, эмиссия бойынша" деген сөздер "бағалы қағаздар эмиссиясын тіркеу үшін алым" деген сөздермен ауыстырылсын;

23-тармақтағы "9" саны "10" санымен ауыстырылсын;

24-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Есептеу әдісі деп, төлеу мерзіміне қарамастан, мүлікті өткізу және қосып алу мақсатымен өзге заңды немесе жеке тұлғаға жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, жүк жөнелту сәтінен табыстар мен шегерімдерді есептейтін - салықтық есептің әдісін айтады. " .

### І І І - т а р а у д а :

32-тармақта бірінші сөйлемнен кейін мынадай мазмұндағы сөйлем енгізілсін:

"Бұл орайда табысты тікелей төлейтін субъект тұрақты мекеме тіркелген салық органына қаржылардың, осы тұрақты мекеменің шотын аттап, үшінші тұлғаның шотына аударылғанын хабарлауға міндетті.";

36-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Аталған тәртіп сыртқы сауда шарттары бойынша Қазақстан Республикасының аумағына енгізілетін шетелдік тауарларды Қазақстан Республикасының резиденттері төлеген жағдайда қолданылмайды.";

38-тармақта:

төртінші абзац "инфляцияға үйлестіруді ескере отырып ашық акционерлік қоғамдардың бағалы қағаздарын сатқан кездегі құн өсімінің табысын қоспағанда" деген сөздермен толықтырылсын;

сегізінші абзац алып тасталсын;

39-тармақта:

екінші абзацтағы "төленетін" деген сөз "есептелетін" деген сөздермен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Таза табыстың жарғылық капиталды өсіруге жіберілген бөлігі (әрбір акционердің үлесін сақтай отырып) 15 проценттік ставка бойынша салық салуға жатпайды."

IV-тарауда:

45-тармақта:

бірінші абзац "және төлем көзінде салықтың төленгенін растайтын құжаттар болса, одан әрі салық салуға жатқызылмайды" деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзац алып тасталсын;

46-тармақта "проценттер" деген сөз "сыйақы" (мүдде) деген сөздермен ауыстырылсын;

47-тармақтың а) тармақшасында "проценттер" деген сөз "сыйақы" (мүдде) деген сөздермен ауыстырылсын.

V-тарауда:

үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- коммерциялық ұйымдар жоғарыда аталған қаржылар қайтарусыз негізде берілген жағдайда демеушілік көмек, кіретін және мүшелік жарналар, қайырымдылық көмегі, аударымдармен садақалар түрінде алынған табыстар бойынша, сондай-ақ қайтарусыз берілген мүлік бойынша;"

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

"- банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын банктердің және ұйымдардың, негізгі құралдарды құру және жанарту үшін үш жылдан аспайтын мерзімге берілген орташа мерзімді және ұзақ мерзімді инвестициялық несиелер бойынша алынған (есептелген) сыйақы (мүдде) жөнінде, өзінің мұқтажы үшін тұрғын үй сатып алуға және салып алуға үш жылдан аспайтын

мерзімге жеке тұлғаларға берілген ипотекалық несиелер жөнінде."; мынадай мазмұндағы сегізінші, тоғызыншы және оныншы абзацтармен толықтырылсын:

"- Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайтын, шетелдік немесе шетелдің қатысуымен құрылған, Ақмола қаласында тіркелген және құрылыспен шұғылданатын ұйымдар, құрылысқа байланысты іс-әрекеті кезінде, бірақ бес жылдан артық емес;

- бес жылдан аспайтын мерзімге жаңа технологиялық жабдықтардың лизингі бойынша алған, бұл жабдықтарды кейіннен лизинг алушыға беретін, сыйақы (мүдде) жөніндегі ұйымдар;

- іс-әрекетінің айрықша түрі ауылшаруашылығына несиелер беру болып табылатын, банктік операциялардың жекелеген түрлерімен айналысатын ұйымдар, құрылған күнінен бастап үш жыл ішінде. ;

52-тармақта "проценттер" деген сөз "сыйақы (мүдде)" деген сөздермен ауыстырылсын ;

53-тармақ мынадай мазмұндағы в) тармақшасымен толықтырылсын:

"в) айына әрбір қызметкерге шаққандағы жиырма есеп айырысу көрсеткішінен аспайтын мөлшерде мемлекеттік емес жинақтық зейнетақы қорларына аударылатын. " ;

мынадай мазмұндағы 54а тармағымен толықтырылсын:

"Заңды тұлғалар үшін жиынтық жылдық табыс айына әрбір қызметкерге шаққандағы жиырма есеп айырысу көрсеткіші мөлшерінде мемлекеттік емес жинақтық зейнетақы қорларына аударылатын ерікті зейнетақы жарналарының сомасына кемітіледі. " .

V I - т а р а у д а :

58-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Негізінен қолма-қол ақшамен жұмыс істейтін және тауарларды, жұмыстар мен қызметтерді сату жөнінен шектеулі айналымы бар, сондай-ақ олардағы қызметкерлерінің саны да шектеулі, заңды тұлғалар бойынша салық қызметі тиісті қаржылық органдармен келісе отырып, іс-әрекет түрлерінің тізбесін және патент негізінде салықтарды төлеудің тәртібін анықтайды.

Патенттің құнына салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдерді, сондай-ақ өзге де қаржылық міндеттемелерді қамтитын, бекітілген жиынтық салық енеді. ;

59-тармақта "жүргізу" деген сөзден кейін "салықтық және" деген сөздермен толықтырылсын;

60-тармақта "немесе төрелік соттар" деген сөздер алып тасталсын;

62-тармақта:

бірінші және екінші абзацтар үшінші және төртінші абзацтар болып саналсын.

мынадай мазмұндағы бірінші және екінші абзацтар енгізілсін:

"Ағымдағы активтер қайтарусыз негізде немесе төмендетілген құнмен берілген кезде беретін адамның ағымдағы активтерінің құны шығындардың жиынтығына қарай анықталады, ал алатын адамның табыстары қабылданған бағалау құны бойынша, бірақ тапсырылған активтердің құнынан кемітпей, белгіленеді.

Өнімді төмен құнмен сату салдарынан пайда болған айырмашылықтағы кемшілік өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатушы үшін оның кірісі болып табылады.";

65-тармақтың екінші абзацындағы соңғы сөйлем алып тасталсын.

VII-тарауда:

74-тармақта:

а) тармақшасында "белгіленген тәртіппен" деген сөздерден кейін "салықтық" деген сөзбен толықтырылсын;

б) -тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"б) салықтық есеп жөніндегі құжаттар бес жыл бойы қағаз, электронды немесе магнитті ыдыстарда сақталсын;"

76-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"жіберілетін құжаттардың, сондай-ақ салық шот-фактураларының сенімділігі үшін тауарларды (жұмыстарды қызметтерді) ұсынушы жауап береді.";

78-тармақта "1,5 есе" деген сөз "ресми" деген сөзбен ауыстырылсын;

81-тармақтың бірінші, екінші және үшінші абзацтары алып тасталсын;

82-тармақта:

бірінші абзацтағы "жүргізу" деген сөз "есеп құжаттарындағы көрініс емес" деген сөздермен ауыстырылсын, "құжаттардағы көрініс болмайынша" деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацтағы "бухгалтерлік тізімдемелерде" деген сөз "есеп құжаттарында" деген сөздермен ауыстырылсын.

V I I I т а р а у д а :

85-тармақта "Мемлекеттік салық комитетінің" деген сөздер "Қаржы министрлігінің Салық комитеті" деген сөздермен ауыстырылсын;

I X т а р а у д а :

86-тармақ мынадай мазмұндағы абзацпен толықтырылсын:

"Салық органдарының шешімдеріне шағым жасау олар белгілеген салықтар

мен айыппұл санкциялары сомаларын төлетуді тоқтата алмайды.

Соттың шешімі бойынша негізсіз төленген сомаларды салық төлеушіге қайтару, оларды салық органдары төлеткен сәттен бастап әрбір күн үшін, осы сомалар төленген күні Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі белгілеген ресми қайта қаржыландыру ставкасының 1,5 есесі мөлшерінде айыпақы қосып, үш күннің ішінде жүргізіледі."

№ 33 Нұсқаулыққа 1-қосымша

төмендегідей редакцияда берілсін:

Форма 100

ҚР ҚМ Салық комитетінің

№ 33 Нұсқаулығына 1-қосымша

199 жылғы жиынтық жылдық табыс және  
өндірілген шегерімдер туралы декларация

Атауы \_\_\_\_\_ СТН \_\_\_\_\_

Адрес \_\_\_\_\_ Банк \_\_\_\_\_

Аудан \_\_\_\_\_ Банк \_\_\_\_\_

Қала/облыс \_\_\_\_\_ шоттары \_\_\_\_\_

Декларация кезекті бастапқы тарату кезіндегі  
Есеп әдісі есептеу 41-бап, ұзақ мерзімді шарттар

Көрсеткіштер	Код Төлеушінің Салық		

1	2	3	4
---	---	---	---

### Табыс

1. Өнімді (жұмыстарды, қызметтерді) сатудан алынған табыс | 1 | \_\_\_\_\_
2. Ғимараттарды, құрылыстарды, сондай-ақ активтерді сатқан кезде құнның өсуінен түсетін, олардың құнының инфляцияға үйлестірілуі ескерілген табыс | 2 | \_\_\_\_\_
3. Сыйақы түріндегі табыс (мүдде) | 3 | \_\_\_\_\_
4. Дивидендтер | 4 | \_\_\_\_\_
5. Ұтыстар | 5 | \_\_\_\_\_
6. Қайтарусыз алынған мүлік және ақша | 6 | \_\_\_\_\_
7. Мүлікті жалдаудан алынған табыс | 7 | \_\_\_\_\_



8. Роялти | 8 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
9. Заңды тұлғалар алған субсидиялар, | 9 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 мемлекеттік бюджеттен алынған | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 субсидиялардан басқа | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
10. Кәсіптік қызметті шектеуге немесе | 10 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 кәсіпорынды жабуға келісім бергені үшін | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 алынған табыс | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
11. Банктер мен сақтандыру ұйымдарының | 11 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 резерв қорларының көлемі кішіреюінен | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 алынған табыс | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
12. Талаптарды есептен шығарудан түсетін | 12 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 табыс | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
13. 20 баптың 7 тармағына сәйкес табыс | 13 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
14. 44 бапқа сәйкес өтелетін шегерімдер | 14 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
15. Басқа да табыстар | 15 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
16. Жиынтық жылдық табыс, жол саны 1-ден | 16 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 15-ке дейін | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
17. Жиынтық жылдық табысты үйлестіру | 17 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
- 1) Заңды тұлға алған және оның | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 кәсіпкерлік қызметіне байланысты оң | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 бағамдық айырмашылық | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
- 2) инфляцияға үйлестіруді ескере отырып | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 ашық акционерлік қоғамдардың бағалы | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 қағаздарын сатқан кезде құнның өсуінен | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 алынатын табыс | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
- 3) Зейнеттік қамтамасыз ету туралы | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 заңға сәйкес алынған және жеке | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 зейнеткерлік шотқа жіберілген инвес. | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 тициялық табыстар | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
- 4) Бағалы қағаздардың рыногында | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 өзіндік акциялардың эмитент алған | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 құнының олардың кесімді құнынан | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 асып түсуі | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
18. Жиынтық жылдық табыс үйлестірілгеннен | 18 | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_  
 кейін (16-бет, 17-бет) | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_ | \_\_\_\_\_
-

## Шегерімдер

- 
- 19.Өткізілген өнімнің (жұмыстардың, | 19 | |  
қызметтердің) өзіндік құны | | |
- 20.Алынған несиелер үшін сыйақы (мүдде) | 20 | |
- 21.Күдікті талаптар | 21 | |
- 22.Резерв қорларына аударымдар | 22 | |
- 23.Ғылыми-зерттеу, жобалау және | 23 | |  
тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарға | | |  
арналған шығындар | | |
- 24.Негізгі қорлар жөніндегі пайдалану | 24 | |  
аударымдары және шегерімдер | | |  
а) Негізгі қорлар жөніндегі пайдалану | | |  
аударымдары | | |  
б) ғимараттардың құны | | |  
в) 100 айлық есептеу көрсеткіштерінен | | |  
кем құрылыстардың құны | | |  
г) Топтың барлық негізгі қорлары | | |  
шыққан кездегі топтың құндық | | |  
балансының көлемі | | |  
д) Өндірістік мақсаттағы меншікті | | |  
құрылыстар жөніндегі шығындар | | |  
ж) Өндірістік мақсаттарға пайдалынатын | | |  
технологиялық жабдықтардың құны | | |
- 25.Жөндеу шығындары | 25 | |
- 26.Сақтандыру төлемдерінің шығындары | 26 | |
- 27.Геологиялық зерделеуге және табиғи | 27 | |  
ресурстарды өндірудегі дайындық | | |  
жұмыстарына арналған шығындар | | |
- 28.Материалдық емес активтердің | 28 | |  
пайдалану аударымдары | | |
- 29.Салықтар, айыппұлдар мен өтемақы | 29 | |  
шығындары | | |  
а) 25 баптың 1-тармағына сәйкес | | |  
төленген салықтар | | |  
б) Бюджетке төленетінінен басқа, | | |  
тұрақсыздық құны, айыппұлдар мен | | |  
айыпақыларды қоса | | |  
в) Мемлекеттік әлеуметтік саланы | | |

- ұстауға арналған шығындар | | |
- г) 25 баптың 4-тармағына сәйкес жер | | |
- қойнауын пайдаланушылардың шығындары | | |
- 30.26 баптың 1-тармағына сәйкес | 30 | |
- ғимараттарды сатудың зияндары | | |
- 31.Шегерімдер - барлығы, жол саны 19-дан | 31 | |
- 30-ға дейін | | |
- 32.Салық салынатын табыс (18-бет 31-бет) | 32 | |
- 33.27 бапқа сәйкес ұшыраған кәсіпкерлік | 33 | |
- қызметтің шығындары | | |
- 34.34-бапқа сәйкес салық салудан | 34 | |
- босатылатын табыстар | | |
- 1) төтенше жағдайларға арналған және | | |
- нысаналы тұрғыда пайдаланылған ізгілікті | | |
- көмек | | |
- 2) мүгедектердің еңбегіне ақы төлеу | | |
- жөніндегі шығындардың екі еселенген | | |
- сомасы және олардың еңбек ақысынан | | |
- аударымдар | | |
- 3) бағалы қағаздар жөніндегі сыйақылар | | |
- (мүдделер) | | |
- 4) коммерциялық емес ұйымдарға | | |
- қайырымдылық көмегі | | |
- 5) "Жаңа астана" қорына қосылған | | |
- қаржылар | | |
- 6) Ақмола қ. тұрғын үй құрылысына | | |
- жіберілген және пайдаланылған қаржылар | | |
- 7) банктердің қайырымдылық қорларына | | |
- қарызсыз аударымдары | | |
- 8) мемлекеттік (ұлттық) лотереяларды | | |
- өткізуден алынатын табыстар | | |
- 9) ерікті зейнеткерлік жарналарының | | |
- сомасы | | |
- 10) жаңа технологиялық жабдық лизингісі | | |
- бойынша алынған сыйақылар (мүдделер) | | |
- 11) | | |

35. Ұшыраған зияндар мен берілген жеңілдіктер ескерілген салық салынатын табыс (32-33-34 беттер) | 35 |
36. Есептелген барлық салық | 36 |
37. Барлық жүргізілген аванстық төлемдер мен шегерімдер | 37 |
38. Артық төлемдер сомасы (37-беттен 36-бетке дейін) | 38 |
39. Төленетін барлық салық (36-беттен 37-бетке дейін) | 39 |
40. Айыппұл санкциялары | 40 |
41. Барлық салықтар мен айыппұл санкциялары | 41 |
42. Алдағы төлемдердің есебіндегі артық төлемдердің сомасы | 42 |
43. Қайтарылатын артық төлемдердің сомасы | 43 |
- 

Ескерту. -1998 жылдың 1 қаңтарынан қолданылады;

Ескерту. -Табыстары 34-баптың 1-тармағының 1,2,3,4,6,8,10 тармақшаларына сәйкес салық салудан босатылған ұйымдар толтырады.

Ескерту: Декларация ҚР ҚМ белгілі бір қосымшаларына сәйкес беріледі.

**ЗАҢ АЛДЫНДАҒЫ ЖАУАПКЕРШІЛІК**                      **САЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ ОРГАНЫ**

Біз осы декларацияда келтірілген мәліметтердің ақиқаттығы мен толықтығы үшін заң алдында жауап береміз.

Салық қызметі  
органының бастығы

Басшы \_\_\_\_\_  
\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ж.)                      (Уақыты, қолы)

(Қолы)

Бас бухгалтер \_\_\_\_\_                      Заңды тұлғалар табыстарына  
\_\_\_\_\_ (Ф.А.Ж.)                      салық салу бөлімінің бастығы

(Қолы)

Уақыты \_\_\_\_\_                      (Уақыты, қолы)

Декларацияны құруға қызмет  
көрсеткен аудитор, \_\_\_\_\_  
(Ф.А.Ж., СТН)

(қолы)

№ 33 Нұсқаулықтың 1-А-Қосымшасы алып тасталсын.

№ 33 Нұсқаулықтың 2-Қосымшасында:

1-тармақтың екінші және төртінші абзацтары алып тасталсын;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Өндірісте пайдаланылатын және тозған негізгі құралдар  
жөніндегі пайдалану аударымдары шегеруге жатқызылады

Пайдалану ақысына жататын негізгі қорлар пайдаланудың  
төмендегідей шекті нормалары бойынша топтарға бөлінеді:

Топтың нөмірі	Мүліктің атауы	Пайдалану ақысының шекті нормасы, %
1	2	3
1.	Деректерді өңдеу жөніндегі компьютерлер, басқа да құрылымдар мен жабдықтар	30
2.	Пайдалы қазбаларды өндіру және өңдеу үшін пайдаланылатын өткізгіш құбырлар, мұнай-газ құбырлары, машиналар мен механизмдер	25
3.	Жолдарда пайдаланылатын автотрактор техникасы, арнаулы құрал-саймандар	20
4.	Жеңіл автомобильдер: такси. Автомобиль көлігінің жылжымалы құрамы: жүк автомобильдері, автобустар, арнаулы автомобильдер және автотіркемелер. Машиналар мен жабдықтар: өнеркәсіптің, жол өндірісінің барлық салалары үшін; ұсталық-пресс жабдықтары; электронды жабдықтары;	

құрылыс жабдықтары;		
ауылшаруашылық машиналары мен жабдықтары.		
Офиске арналған жиһаз		15
<hr/>		
5.  Топқа енгізілмеген пайдалану активтері		10
<hr/>		
6.  Теміржол, теңіз және өзен көліктері.		
Күш-қуат машиналары және жабдықтар:		
жылу-техникалық жабдықтар;		
турбиналық жабдықтар;		
электр-қозғағыштар мен дизель-генераторлар.		
Электр таратқыштар мен байланыс құрылғылары		8
<hr/>		
7.  Ғимараттар, құрылыстар		7
<hr/>		

Салық төлеушілер кез-келген салық жылында пайдаланудың өзге нормаларын өз қалауынша, бірақ шектен аспай, қолдануға құқықты.";

3-тармақта "Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нормалар

бойынша іске асырылатын" деген сөздер "салық төлеушілер инфляция шегінде жылына бір рет жеке іске асыратын" деген сөздермен ауыстырылсын.

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Кемінде үш жыл өндірістік мақсаттар үшін пайдаланылған, сатып алынған жабдықтардың құны қалған пайдалану ақысының шегінде пайдалану кезеңі ішінде салық төлеушінің қалауы бойынша кез-келген уақытта шегеруге жатқызылады."

№ 33 Нұсқаулықтың 3-қосымшасы алып тасталсын.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Әдістемелік кеңесінде Бекітілді:

№ 19 хаттама. 1997 жыл, 26 желтоқсан.

